

Банктік емес сектордың 2011 жылғы 1 қыркүйектегі ағымдағы жағдайы

2011 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша республикамызда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар 14 ұйым, оның ішінде 5 ипотекалық ұйым тіркелді.

№	Ұйымның атауы	01.01.2011	01.09.2011
1	Ипотекалық ұйымдар	6	5
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	9	9
	оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар	2	1
	Жиынтығы	15	14


Ипотекалық ұйымдар

Активтер. Ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 2011 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 113,9 млрд. теңгені құрады, бұл 2011 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 8,9 млрд. теңгеге немесе 7,2%-ға аз.


Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасындағы маңызды үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар 67,2%-ды (76,5 млрд. теңгені) құрап отыр, ал бағалы қағаздар үлесіне – 19,2% (21,9 млрд. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 5,2% (5,9 млрд. теңге), басқа банктерде орналастырылған салымдарға –13,4% (15,3 млрд. теңге) келіп отыр.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2011		01.09.2011		Өсім, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығын да %-бен	млрд. теңге	жиынтығын да %-бен	
Қолма-қол ақша	0,9	0,8	0	0	-100
Корреспонденттік шоттар	13,9	11,3	5,9	5,2	-57,6
Бағалы қағаздар	23,0	18,7	21,9	19,2	-4,8
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	6,3	5,1	15,3	13,4	2,4 есе
Клиенттерге берілген заемдар	76,8	62,6	76,5	67,2	-0,4
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	4,2	3,4	4,3	3,8	2,4
Клиенттерге ҚҰХС талаптары бойынша берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	-7,8	-6,4	-15,0	-13,2	92,3
асқа активтер	5,5	4,5	5,0	4,4	-9,1
Активтердің барлығы	122,8	100	113,9	100	-7,2

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)



01.09.2011 жылғы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)




Кредиттік портфель. 2011 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфелі 76,5 млрд. теңгені құрады, бұл ағымдағы жылдың басындағы көрсеткіштен 0,3 млрд. теңгеге немесе 0,4%-ға төмен.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелі құрылымының сапасын талдайтын болсақ, стандартты кредиттердің үлесі азайғаны байқалады. Мәселен, 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 82,7%, ал 2011 жылғы 1 қыркүйекте – 70,6% болды. Күмәнді кредиттердің үлесі 8,8%-дан 10,2%-ға дейін ұлғайды. Үмітсіз заемдардың үлесі есепті күнге 19,2%-ды құрағанын атап айтқан жөн.

Клиенттерге берілген, есепті күнге уәкілетті органның талаптары бойынша құрылған заемдар және қаржылық лизинг бойынша резервтер (провизиялар) 16,6 млрд. теңгені құрады, ол ағымдағы жылдың басындағы көрсеткіштен 8,8 млрд. теңгеге немесе 2,1 есеге жоғары.

Несие портфелі сапасының динамикасы	01.01.2011		01.09.2011	
	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығы % -бен	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығы % -бен
Несие портфелі барлығы	76,8	100	76,5	100
Стандартты	63,5	82,7	54,0	70,6
Күмәнді	6,8	8,8	7,8	10,2
<i>1-санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	0,8	1,0	1,3	1,7
<i>2-санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	2,3	3,0	1,1	1,4
<i>3-санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	0,3	0,4	0,8	1,1
<i>4-санатты күмәнді</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	3,0	3,9	2,1	2,7
<i>5-санатты күмәнді</i>	0,4	0,5	2,5	3,3
Үмітсіз	6,5	8,5	14,7	19,2

Ипотекалық ұйымдардың несиелік портфелінің өзгеру динамикасы, млрд. теңге




2011 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфеліндегі ең көп үлеске мыналар ие болды: «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ – 76,3% және «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ – 22%.


Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 2011 жылдың басындағы деректермен салыстырғанда 91,5 млрд. теңге деңгейінде қалған, бұл ретте міндеттемелердің құрылымы өзгеріске ұшыраған.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2011		01.09.2011		Өсім %-бен
	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	
Алынған заемдар	24,7	27,0	23,7	25,9	-4,0
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	60,9	66,6	58,5	63,9	-3,9
Басқа кредиторлар	4,7	5,1	7,3	8,0	55,3
Басқа міндеттемелер	1,2	1,3	2,0	2,2	66,7
Міндеттемелердің барлығы	91,5	100	91,5	100	0

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)



01.09.2011 жылғы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылым (%)




Кірістілік. Ипотекалық ұйымдар 2011 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша шығыстар кірістерден 9,7 млрд. теңгеге артты. Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 8,9 млрд. теңге (2010 жылғы 1 қыркүйекте – 9,5 млрд. теңге) болды, шығыстардың жиынтық мөлшері – 18,6 млрд. теңге (2010 жылғы 1 қыркүйекте – 9,1 млрд. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн. теңгемен	01.09.2010	01.09.2011	Өсімі %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	6,9	6,4	-7,2
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	5,3	6,3	18,9
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	2,6	2,5	-3,8
Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар	3,8	12,3	3,2 есе

Пайыздық кірістер құрылымында банктің клиенттерге қоятын талаптары бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер (50,6% немесе 4,5 млрд. теңге) біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеумен байланысты шығыстар (48,4% немесе 9 млрд. теңге) ең көп орын алады.

**Ипотечкалық ұйымдардың кірістері (шығыстары),
млрд. теңгемен**



Ипотечкалық ұйымдардың балансы бойынша меншікті капиталы 2011 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 22,4 млрд. теңге болды, бұл 2011 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 8,9 млн. теңгеге аз.

Меншікті капиталдың жеткіліктілігі	01.01.2011	01.09.2011
Төленген жарғылық капитал (оның ішінде қосымша капитал), млн. теңгемен	39,7	38,9
Есептелген меншікті капитал, млн. теңгемен	31,3	20,7
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_1 \geq 0,06$)	0,259	0,186
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_{1-2} \geq 0,06$)	0,316	0,182
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_{1-3} \geq 0,12$)	0,307	0,198